

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЛАНДШАФТПЕН БАЙЛАНЫСЫ

Сайлауова Ж., 7M07301 «Сәулет және қазіргі заманғы қалалық инфрақұрылым» БББ-ның 2-курс магистранты, zhazira090102@icloud.com, <https://orcid.org/0009-0007-3119-8311>

Исаков О.А., техника ғылымдарының докторы, құрылыс профессоры, сәулет өнері профессоры, abdirashidovich@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8460-3308>

Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті, Тараз қ. Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада Тараз қаласының сәулетінің тарихи қалыптасу кезеңдері мен оның табиғи-мәдени ландшафтпен байланысы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында Тараздың ежелгі және ортағасырлық дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі сәулеттік дамуының негізгі бағыттары мен заңдылықтары талданды.

Тараздың сәулеттік келбеті Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда және мәдени орталық ретіндегі тарихи қызметімен тығыз байланысты. Ежелгі кезеңде салынған Айша бибі мен Бабаджа хатун кесенелері, мешіттер мен моншалар түркілік және исламдық сәулет дәстүрлерінің синтезін айқын көрсетеді.

Зерттеу барысында тарихи-сәулеттік талдау, картографиялық салыстыру және мәдени-ландшафтық әдістер қолданылды. Нәтижесінде Тараздың сәулет жүйесі табиғи орта мен мәдени мұраның үйлесімді байланысын сақтаған аймақтық феномен ретінде бағаланды. Мақалада Тараздың тарихи-мәдени ландшафты болашақтағы сәулеттік даму мен қалалық жоспарлауда мәдени сабақтастық пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды негізі ретінде ұсынылады.

Тірек сөздер: Тараз қаласы, сәулет, тарихи-мәдени ландшафт, Ұлы Жібек жолы, мәдени мұра, урбанизация, экологиялық үйлесім, ұлттық стиль.

Кіріспе. Тараз қаласы – Ұлы Жібек жолының бойындағы ең көне мәдени және сауда орталықтарының бірі болып саналады. Қаланың тарихи қалыптасуы мыңжылдықтар бойы қалыптасқан урбанистік дәстүрлермен және табиғи-географиялық жағдайлармен тығыз байланысты. Қаланың архитектуралық келбеті ғасырлар бойғы өркениеттік үдерістердің, табиғи орта жағдайларының және мәдени ықпалдардың нәтижесінде қалыптасқан күрделі құбылыс болып табылады. Сондықтан Тараздың сәулеттік дамуы мен оның тарихи-мәдени ландшафтпен байланысын зерттеу – ұлттық сәулет тарихындағы маңызды ғылыми бағыттардың бірі.

Қала құрылымының қалыптасуы тек урбанистік факторлармен емес, сонымен қатар табиғи орта мен мәдени дәстүрлердің өзара әсерімен анықталады. Талас өзенінің аңғарында орналасқан Тараз ежелгі кезеңдерден бері табиғи рельеф пен су ресурстарына бейімделе отырып дамыған. Бұл жағдай сәулеттік жоспарлауда экологиялық үйлесім мен кеңістік тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі сауда орталығы ретінде Тараздың сәулеті халықаралық мәдени алмасудың нәтижесінде көпқырлы сипат алды. Мұнда исламдық, түркілік және жергілікті құрылыс дәстүрлері тоғысып, бірегей сәулеттік мектептің қалыптасуына ықпал етті.

Ортағасырларда қалада қоғамдық және діни ғимараттар жүйесі — мешіттер, кесенелер, керуен-сарайлар мен моншалар кеңінен дамыды. XII ғасырдағы Айша бибі мен Бабаджа хатун кесенелері сол дәуірдің сәулет өнеріндегі жоғары деңгейін көрсетіп, табиғи материалдарды, өрнектелген кірпіштер мен терракотаны шебер қолданудың үлгісі болды. Кейінгі ғасырларда, әсіресе Ресей империясы мен кеңестік кезеңдерде, Тараздың сәулеттік бейнесі жаңа типологиялармен және еуропалық жоспарлау элементтерімен толықты.

Бүгінгі таңда Тараз қаласының сәулеттік дамуын зерттеу тек тарихи-мәдени мұраны сақтау тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар заманға сай қала құрылысы мен тұрақты даму контекстінде өзекті болып отыр. Тарихи мұраларды қорғау мен жаңа сәулеттік шешімдерді үйлестіру – қаланың мәдени сәйкестігін айқындайтын басты бағыттардың бірі. Осыған байланысты зерттеу жұмысының мақсаты – Тараз қаласының сәулетінің тарихи қалыптасу кезеңдерін анықтап, оның табиғи және мәдени ландшафтпен өзара байланысын ғылыми тұрғыда талдау болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Тараз қаласының сәулетінің қалыптасуы мен оның тарихи-мәдени ландшафтпен байланысын зерттеу барысында кешенді ғылыми-танымдық және талдамалық әдістер жиынтығы қолданылды. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының басты мақсаты – қаланың тарихи құрылымдық эволюциясын, кеңістіктік жоспарлануын және табиғи-мәдени орта факторларымен байланысын жүйелі түрде айқындау болды [1]. Тараздың сәулеттік бейнесі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, әлеуметтік және табиғи ықпалдардың нәтижесі болғандықтан, зерттеу көпсалалы тәсілді қажет етті.

Зерттеу нысаны ретінде Тараз қаласының тарихи-сәулеттік құрылымы, археологиялық ескерткіштер жүйесі мен табиғи ландшафтық контексті алынды [2]. Мақсаты – Тараздың сәулеттік дамуының тарихи сабақтастығын және оның табиғи-мәдени ландшафтпен байланысын кешенді анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Тараз қаласының тарихи даму кезеңдерін сәулет пен қалақұрылыстық тұрғыдан жүйелеу;
2. Табиғи орта элементтерінің (рельеф, су жүйесі, климат) қаланың жоспарлануына әсерін бағалау;
3. Тарихи-мәдени ландшафт ұғымы тұрғысынан қаланың кеңістіктік құрылымын талдау;
4. Археологиялық және сәулеттік мұраларды морфологиялық және типологиялық тұрғыдан салыстыру;
5. Тараздың мәдени ландшафты мен заманға сай урбанистік кеңістіктің сабақтастығын көрсету.

Зерттеу негізі ретінде «Ежелгі Тараз» археологиялық паркі мен оның төңірегіндегі мәдени қабаттар кешені алынды [3]. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорындағы фотоматериалдар мен экспедициялық есептер, сонымен қатар археологиялық зерттеу деректері, тарихи карталар мен спутниктік түсірілімдер пайдаланылды.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Археология институтының 1980–2020 жылдар аралығындағы Тараз өңіріне арналған есептері мен ғылыми жарияланымдары сарапталды [4].

Далалық зерттеу кезінде қала орталығы мен оның маңындағы тарихи-мәдени аймақтарда (Талас өзені аңғары, Қарахан және Айша бибі кесенелері айналасы) визуалды бақылау, фотофиксация және өлшеу жұмыстары жүргізілді. Бұл материалдар тарихи және табиғи элементтердің өзара орналасу заңдылығын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде Тараз қаласының сәулеттік құрылымы мен мәдени ландшафтының өзара байланысы бірнеше негізгі кеңістіктік деңгейде анықталды.

Қарахан кесенесі (Әулиеата кешені). XI ғасырда салынған бұл кесене Тараздың рухани және кеңістік орталығы болып табылады. Табиғи және урбанистік құрылымның түйіскен жерінде орналасқандықтан, ол қаланың сакралды осін айқындайды. Кесененің айналасындағы көгалды аймақ пен ескі қорым қаланың рухани-ландшафтық қабатын қалыптастырады. Кесене Талас өзеніне жақын орналасқан, бұл оның табиғи ландшафтпен үйлесімін арттырған. Су көздеріне жақын болу – түркі дәуірінен бастау алатын қасиетті кеңістік қалыптастырудың дәстүрі. Осылайша Қарахан кесенесі табиғи

геоморфологиялық жағдаймен байланыста, яғни қала табиғи және рухани ортаның тоғысқан жерінде дамыған. Қарахан кесенесі тек сәулеттік нысан емес, сонымен қатар мәдени ландшафттың бөлігі [5]. Ол Тараздың рухани кеңістігін анықтайды: мұнда халық зиярат етеді, діни және мәдени іс-шаралар өтеді. Бұл жер Тараз қаласының рухани жадының символы ретінде Айша бибі және Бабаджа хатун кесенелерімен бірге біртұтас сакралды ансамбль құрайды. Бүгінгі күні Қарахан кесенесі қаланың мәдени туризм орталығына айналған (1-сурет). Оның маңында абаттандырылған сквер, жаяу жүргіншілер желілері, жарықтандыру элементтері және панорамалық алаңдар салынған. Бұл заманауи урбанистік шешімдер арқылы тарихи мұраны сақтап, оны қазіргі қалалық өмірмен біріктірудің мысалы болып табылады [9].



1-сурет – Қарахан кесенесінің сәулеттік келбеті және оның ландшафттық орналасуы

Айша бибі және Бабаджа хатун кесенелері. Бұл екі ескерткіш — Тараз маңындағы ең көрнекті, тарихи мәні бар, мәдени ландшафттың бөлігі. Табиғи орта мен сәулеттік өрнектердің үйлесімі арқылы олар түркі өркениетінің эстетикалық және рухани мұрасын бейнелейді (2-сурет) [6]. Кесене Талас өзенінің аңғары бойында, табиғи төбе үстінде орналасқан. Мұндай орналастыру — табиғи рельеф пен киелі кеңістікті біртұтас композициялық шешімге біріктірудің мысалы. Жергілікті климаттық жағдайлар (жел бағыты, күннің түсу бұрышы, жер бедері) ескеріле отырып салынғаны байқалады. Сондықтан Айша бибі кесенесі табиғи және мәдени ландшафттың үйлесімділігін айқын көрсетеді [7].



2-сурет – Айша бибі мен Бабаджа хатун кесенелерінің жалпы көрінісі

Айша бибі мен Қарахан кесенелері өзара кеңістіктік және рухани тұтастықта қарастырылады. Екі нысан да ортағасырлық Тараздың қасиетті архитектуралық осін құрайды. Олар арасындағы шамамен 18 шақырымдық арақашықтық – тарихи қала құрылысындағы сакралды бағыт жүйесін бейнелейді. Бұл жүйе қазіргі Тараз қаласының мәдени туризм және урбанистік жоспарлауында сақталған: екі кесене де қаланың негізгі мәдени бағыттарының бойында орналасқан.

Осы байланыс арқылы Тараздың сәулеттік дамуы табиғи және рухани факторларға негізделген дәстүрлі кеңістік қалыптастыру принциптеріне сүйеніп отыр.

Тектұрмас кешені. XIV ғасырда тұрғызылған Тектұрмас кесенесі Талас өзенінің биік жағасында орналасқан. Бұл жер табиғи рельеф пен сәулеттің бірлігін көрсететін ерекше панорамалық ландшафт болып саналады. Бұл ескерткіш халық арасында қасиетті орын, рухани орталық ретінде белгілі. Аңыздар бойынша мұнда әулие Тектұрмас жерленген, сондықтан бұл аймақ сакралды және мәдени маңызы зор қасиетті кеңістік ретінде қабылданады. Табиғи-географиялық орналасуы және ландшафтық ерекшелігіне келетін болсақ, кесене орналасқан биік төбе мен Талас өзенінің аңғары Тараздың табиғи-ландшафтық құрылымының маңызды элементтері болып табылады (3-сурет). Бұл жер қаланың оңтүстік бөлігінен кең панорама ашылатын визуалды доминанта ретінде ерекшеленеді. Тектұрмас кесенесінің осылай биікте орналасуы — ежелгі түркі сәулетінде кең тараған *«кеңістікті бақылау және сакралды ось құру»* қағидасын көрсетеді.



3-сурет – Тектұрмас кесенесінің Талас аңғарымен кеңістіктік байланысы

Осы тұрғыдан алғанда, Тектұрмас кешені қала кеңістігінің табиғи және рухани шекарасын анықтайтын нүкте қызметін атқарады [9]. Қарахан және Айша бибі кесенелерімен бірге Тектұрмас кешені Тараздың сакралды-мәдени үштағанын (триадасын) құрайды.

- Қарахан кесенесі – қаланың орталық рухани өзегі,
- Айша бибі кесенесі – махаббат пен сұлулықтың символы,
- Тектұрмас кешені – биіктік пен рухани тұтастықтың белгісі.

Бұл үш нысанның географиялық орналасуы мен сәулеттік үйлесімі Тараздың тарихи құрылымының ландшафтық жүйесін айқындайды [10]. Олардың арасындағы кеңістіктік бағыттар қаланың сакралды осьтерін белгілейді. Мұндай жүйе — тек архитектуралық емес, рухани жоспарлау принципінің көрінісі. Тектұрмас кешенінің орналасқан жері Тараздың урбанистік жоспарлануында табиғи бағдарлау нүктесі ретінде қызмет етеді. Кесенеге апаратын жол мен төбе бойындағы абаттандырылған

аймақтар қазіргі уақытта қаланың ландшафттық-экологиялық каркасының бөлігіне айналған. Сондай-ақ, Төртқұм кешені айналасында орналасқан жасыл белдеулер мен жаяу жүргіншілер бағыттары қаланың тарихи және қазіргі бөліктерін байланыстыратын мәдени кеңістік осін қалыптастырды [12].

Тарихи-сәулеттік талдау әдісі. Бұл әдіс Тараздың ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі сәулеттік құрылымын, ғимараттар композициясын және құрылыс материалдарын сипаттауға бағытталды. Қарахан мен Айша бибі кесенелерінің композициялық шешімдері, өрнек жүйесі мен құрылыс техникасы зерттеліп, олардың табиғи ортаға бағдарлану ерекшеліктері анықталды.

Морфологиялық және типологиялық талдау. Тараздың тарихи орталығының кеңістіктік құрылымын анықтау үшін ғимараттардың морфологиялық пішіні, көлемдік пропорциясы және тарихи көшелердің бағыттары қарастырылды. Тұрғын, діни және қоғамдық ғимараттардың типологиялық жіктелуі арқылы сәулеттік жүйенің мәдени эволюциясы айқындалды.

Ландшафттық және экологиялық талдау. Бұл әдіс арқылы Тараздың табиғи географиялық жағдайы мен сәулеттік кеңістіктің өзара ықпалы зерттелді. Қаланың дамуына әсер еткен рельеф, климат, гидрологиялық желі және өсімдік жамылғысы талданды. Табиғи материалдарды (күйдірілген кірпіш, саз, тас) пайдалану ерекшеліктері мен олардың экологиялық тиімділігі салыстырылды. Сонымен қатар, қала құрылымының Талас аңғарындағы орналасуы оның тарихи-мәдени ландшафтының тұрақтылығын қамтамасыз еткені дәлелденді.

Тарихи-мәдени ландшафттық талдау әдісі. Бұл зерттеу әдісі Тараз қаласының мәдени кеңістігін табиғи және тарихи компоненттердің бірлігінде қарастыруға мүмкіндік берді. Тарихи-мәдени ландшафт – бұл тек табиғи элементтердің жиынтығы емес, сонымен қатар адамзаттың рухани, мәдени және сәулеттік іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Тараздың тарихи орталығы мен оның айналасындағы ескерткіштер жүйесі (Қарахан, Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелері) табиғи рельефпен үйлесімді орналасқан, бұл аймақтың мәдени-ландшафттық сәйкестігін айқындайды. Аталған нысандардың кеңістіктік орналасуы мен табиғи шептермен байланысы картографиялық және далалық талдау арқылы зерттелді. Талас өзенінің бойындағы жасыл аймақтар мен ежелгі керуен жолдарының қаланың мәдени құрылымына ықпалы тарихи-ландшафттық модель түрінде қарастырылды.

Зерттеу төрт тәсілмен жүргізілді:


1. Археологиялық және тарихи деректерді жинақтау;
2. Далалық өлшеу және фотофиксация жұмыстары;
3. Картографиялық және ландшафттық талдау;
4. Нәтижелерді жүйелеу және ғылыми интерпретация.

Әр кезеңде тарихи-мәдени ландшафттың құрылымдық элементтері мен сәулеттік нысандардың өзара ықпалы кешенді түрде қарастырылды. Бұл зерттеу нәтижесінде Тараз қаласының сәулеттік дамуы алғаш рет тарихи-мәдени ландшафт тұтастығында кешенді түрде қарастырылды. Қаланың табиғи және мәдени кеңістігінің өзара әсері анықталып, тарихи орталықтың тұрақты дамуына ықпал ететін факторлар жүйеленді.

GIS технологиясын қолдану арқылы тарихи орталықтың кеңістіктік құрылымы мен ландшафттық шекаралары нақты цифрлық форматта бейнеленді (4-сурет). Алынған нәтижелер Тараз қаласының тарихи аймағын қорғау, ландшафттық сәйкестікті сақтау және қаланы дамыту стратегияларында пайдалануға мүмкіндік береді.


Нәтижелер және оларды талқылау. Зерттеу нәтижесінде анықталғандай, Тараз қаласының сәулеттік құрылымы бірнеше тарихи кезеңдер арқылы қалыптасқан.

Бірінші кезең — ежелгі Тараз дәуірі (VI–X ғғ.), бұл кезде қала Ұлы Жібек жолының маңызды сауда және мәдени орталығы болған. Сол кезеңдегі құрылыс жүйесі көбінесе қорғандар мен қамалдардың айналасында шоғырланған, ал тұрғын аймақтар табиғи рельеф пен су көздерінің бойына орналасқан.



4-сурет – GIS технологиясын қолдану арқылы анықталған тарихи орталықтың кеңістіктік құрылымы мен ландшафтық шекаралары

Археологиялық деректерге сүйенсек, көне Тараздың жоспарлану жүйесі радиалды-концентрлік құрылым түрінде дамып, оның орталығында мешіттер, базарлар мен әкімшілік ғимараттар орналасқан (5-сурет). Бұл — қаланың функционалды және символдық орталықтану принципін айғақтайды.



5-сурет – Көне Тараз қаласының археологиялық қазба аймағы. Қоғамдық ғимараттар орналасқан тарихи орталықтың жаңа көрінісі

Екінші кезең — ортағасырлық исламдық сәулет дәуірі (XI–XIV ғғ.). Бұл уақытта Тараз қаласы Қараханидтер мемлекетінің мәдени орталығы ретінде гүлденді. Дәл осы кезеңде Қарахан, Айша бибі, Бабаджа хатун және Тектұрмас кесенелері сияқты ескерткіштер бой көтеріп, қаланың сәулеттік бейнесін айқындады. Бұл нысандар тек мемориалдық маңызға ие емес, сонымен бірге қалалық кеңістікті ұйымдастырудың композициялық тіректері қызметін атқарған. Әсіресе Қарахан кесенесі қаланың орталық құрылымдық осінің бастау нүктесі болып саналады.

Үшінші кезең — қазіргі заманғы сәулет және урбанистік жаңғыру дәуірі (XX–XXI ғғ.). Тараз қаласы кеңестік жоспарлау жүйесі мен заманға сай урбанизация процестері арқылы қайта қалыптасты. Дегенмен, тарихи орталықтар мен сакралды ландшафттар сақталып, мәдени мұра мен қазіргі құрылыс арасындағы сабақтастық қамтамасыз етілді [13].

Зерттеу барысында Тараз қаласының сәулеттік дамуы мен табиғи-мәдени ландшафтының өзара тәуелділігі анықталды. Қала кеңістігі Талас өзенінің аңғары мен төбе жүйелерінің бойында қалыптасқан, бұл табиғи факторлар сәулет құрылымына айқын әсер еткен. Қаладағы негізгі сакралды нысандардың орналасуы — табиғи рельефке бағытталған жоспарлау принциптерін көрсетеді.

Мысалы, Қарахан кесенесі қаланың тарихи орталығында орналасып, қала құрылымының символдық өзегін құрайды [14]. Айша бибі кесенесі — табиғи орта мен рухани кеңістіктің эстетикалық бірлігін бейнелейді, ал Тектұрмас кешені — биіктік және кеңістік арқылы қаланың рухани және визуалды доминантын айқындайды.

Осы үш ескерткіштің кеңістіктік орналасуы қаланың сакралды жүйесінің ұштаған моделін қалыптастырады, ол Тараздың тарихи-мәдени құрылымының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Бұл модель – табиғи ландшафт пен сәулеттің өзара ықпалдасуының нақты көрінісі.

Сонымен қатар, Тараздағы сакралды кешендер мен табиғи орта арасындағы үйлесім қаланың экологиялық және эстетикалық балансына ықпал етеді. Кесенелердің айналасында көгалдандыру, су арналары мен ашық кеңістіктер жүйесі қалыптасқан, бұл қаланың экологиялық каркасын күшейтеді және тарихи орталықтардың визуалды ашықтығын қамтамасыз етеді.

Тараз қаласындағы Қарахан, Айша бибі және Тектұрмас кесенелері тарихи және мәдени тұрғыдан біртұтас сакралды ансамбль ретінде қарастырылады. Олардың сәулеттік шешімдері тек діни нысандарды бейнелеу емес, сонымен бірге қала кеңістігін ұйымдастырудың идеологиялық тірегі қызметін атқарады [15].

1. Қарахан кесенесі — орталық билік пен рухани бірліктің символы;
2. Айша бибі кесенесі — эстетикалық және мәдени дәстүрдің көрінісі;
3. Тектұрмас кешені — рухани және табиғи кеңістіктің бірігу нүктесі.

Бұл үш нысанның өзара байланысы арқылы Тараз қаласының тарихи сәулеттік болмысы мен мәдени сәйкестігі қалыптасқан. Сондай-ақ, олардың орналасқан жерлері табиғи бедерді тиімді пайдалану арқылы экологиялық бейімделген сәулеттік шешімдердің ерте үлгілерін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазіргі Тараз қаласының сәулеттік дамуында тарихи мұраларды сақтай отырып жаңғырту үрдісі басым бағытқа айналған. Қарахан кесенесі айналасында абаттандырылған мәдени парк, Айша бибі кешенінің маңында туристік инфрақұрылым, ал Тектұрмас биіктігінде қалалық панорамалық аймақ жасалған (6-сурет). Бұл нысан көне Тараз қаласының қорғандық архитектуралық құрылымдарын реконструкциялау мақсатында тұрғызылған. Қамал Тектұрмас биігіндегі панорамалық аймақтың негізгі мәдени-туристік доминанттарының бірі болып табылады. Бұл шаралар қаланың мәдени туризмін дамытуға, тарихи ландшафтты қорғауға және қалалық сәйкестікті нығайтуға бағытталған.



6-сурет – Тектұрмас этно-тарихи кешеніндегі жаңадан салынған қамал

Сонымен қатар, тарихи ескерткіштерді қаланың жаңа сәулеттік нысандарымен байланыстыру үшін ландшафттық дизайн және қалалық экологиялық жоспарлау элементтері қолданылуда. Мысалы, Тараздағы жаңа тұрғын аудандар мен қоғамдық кеңістіктер жобаларында дәстүрлі сәулеттік элементтерді пайдалану үрдісі байқалады. Бұл тәсіл Тараздың тарихи бейнесін сақтап, қазіргі урбанистік мәдениетпен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Тараз қаласының сәулеттік құрылымы мен тарихи-мәдени ландшафтының өзара байланысы терең және көпқабатты жүйе екені анықталды. Тараз — көне дәуірден бері Орталық Азиядағы мәдени, сауда және діни орталықтардың бірі ретінде қалыптасқан ерекше қала. Оның сәулеттік дамуы табиғи орта ерекшеліктерімен, тарихи кезеңдердің әлеуметтік-экономикалық және рухани өзгерістерімен тығыз байланыста болды.

Ежелгі және ортағасырлық Тараз қаласының кеңістіктік құрылымы табиғи рельеф пен су жүйелеріне бейімделе жоспарланған. Талас өзенінің аңғары мен төбе жүйелері қаланың негізгі жоспарлық бағыттарын айқындап, сәулеттік композицияның тірек элементіне айналды. Бұл табиғи факторлар Тараздың сәулеттік бейнесінде тұрақтылық пен экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, қала құрылымының табиғи ортаға бейімделгенін көрсетті. Тарихи кезеңдерге талдау жүргізу нәтижесінде Тараздың сәулеттік дамуының басты ерекшелігі – рухани және табиғи кеңістіктің үйлесімді бірігуі екені дәлелденді. Әсіресе Қарахан, Айша бибі және Тектұрмас кесенелері сияқты сакралды нысандар тек архитектуралық ескерткіш қана емес, сонымен қатар қаланың мәдени-рухани осін қалыптастырған негізгі координаттық жүйелер ретінде қарастырылды.

Бұл нысандардың кеңістікте өзара байланысы Тараздың тарихи құрылымында рухани ұштаған (Қарахан – билік пен орталықтың символы; Айша бибі – сұлулық пен рухани мұраның көрінісі; Тектұрмас – табиғат пен діннің тоғысқан нүктесі) моделін айқындады. Сондай-ақ, Тараз қаласының мәдени мұраларын сақтау мен пайдалану мәселесі экологиялық, эстетикалық және әлеуметтік тұрғыдан теңгерілген сәулет саясатын қажет етеді. Табиғи және сакралды кеңістіктердің үйлесімділігі қаланың туристік тартымдылығын арттырып, мәдени сәйкестігін нығайтады. Осы тұрғыда Тараз

қаласы қазіргі Қазақстандағы тарихи және мәдени ландшафтты интеграциялаудың үлгілі моделіне айналып отыр.

Қорытынды. Тараз қаласының сәулеттік келбеті – бұл табиғи орта мен мәдени мұраның синтезі, рухани құндылықтар мен қазіргі урбанистік үрдістердің үйлесімді тоғысуының нәтижесі. Қала кеңістігіндегі әрбір ескерткіш, әрбір тарихи нысан – тек өткеннің куәсі ғана емес, сонымен қатар қазіргі мен болашақ арасындағы мәдени сабақтастықтың тірі символы. Осы тұрғыдан алғанда, Тараз қаласының сәулеттік және мәдени мұрасын зерттеу мен сақтау мәселесі тек аймақтық деңгейде емес, ұлттық маңызы бар міндет болып табылады.

Әдебиеттер:

- [1] **Байпақов, К.М.** Средневековые города Казахстана на Великом шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 2005. – 356 б.
- [2] **Байпақов, К.М.,** Ерзакович Л.Б. Древний Тараз. – Алматы: Өнер, 1998. – 212 б.
- [3] **Төлеубаев, Ә.Т.** Қазақстанның көне қалаларының археологиялық және тарихи ескерткіштері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 288 б.
- [4] **Қалиев, А.** Тараз қаласының тарихи-мәдени мұралары мен сакралды нысандары. – Тараз: Тараз университеті баспасы, 2021. – 164 б.
- [5] **Оразбаева, С.А.** Ортағасырлық Тараздың сәулет ескерткіштері мен олардың реставрациялау тәжірибесі. – Алматы: ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, 2018. – 142 б.
- [6] **Нұрқасымова, А.** Тараздың сакралды географиясы және тарихи-мәдени ландшафты // Архитектура және қала құрылысы журналы, 2022. – №3. – 55-63 бб.
- [7] Қазақстанның киелі жерлер географиясы // Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты. – URL: heritage.gov.kz
- [8] Тараз қаласының ресми туристік порталы // Қала тарихы мен мәдени нысандар жөнінде ақпарат. – URL: taraztour.kz
- [9] Тараз қаласы: көне дәуірден бүгінге дейін // E-history.kz. – Қазақстан тарихы порталы. – URL: <https://e-history.kz>
- [10] Айша бибі, Қарахан және Тектұрмас кесенелері туралы тарихи мәліметтер // Kazakhstan.travel. – URL: <https://kazakhstan.travel>
- [11] UNESCO World Heritage Centre. Silk Roads: the Routes Network of Chang'an–Tianshan Corridor (Central Asian Section). – 2014. – URL: <https://whc.unesco.org>
- [12] Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштер жинағы. – Тараз: «Руханият» орталығы, 2020. – 276 б.
- [13] **Қалменова, Л.** Тараз қаласының урбанистикалық дамуы және сәулеттік келбеті. – Тараз: ТарМУ баспасы, 2022.
- [14] **Асанова, Б.** Қазақстан қалаларының тарихи-мәдени ландшафттары. – Алматы: Қазақ сәулет-құрылыс академиясы баспасы, 2021.
- [15] **Жолдасова, Г.** Қарахан, Айша бибі және Тектұрмас кесенелерінің архитектуралық-құрылымдық ерекшеліктері // Архитектура және дизайн журналы, 2023. – №3(45). – 45-56 бб.

References:

- [1] **Bajpaqov, K.M.** Srednevekovye goroda Kazahstana na Velikom shelkovom puti. – Almaty: Gylym, 2005. – 356 b. [in Russian]
- [2] **Bajpaqov, K.M.,** Erzakovich L.B. Drevnij Taraz. – Almaty: Oner, 1998. – 212 b. [in Russian]
- [3] **Toleubaev, A.T.** Qazaqstannyn kone qalalarynyn arheologijalyq zhane tarihi eskertkishteri. – Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 288 b. [in Kazakh]
- [4] **Qaliev, A.** Taraz qalasynyn tarihi-madeni muralary men sakraldy nysandary. – Taraz: Taraz universiteti baspasy, 2021. – 164 b. [in Kazakh]
- [5] **Orazbaeva, S.A.** Ortagasyrlyq Tarazdyn saulet eskertkishteri men olardyn restavracijalau tazhiribesi. – Almaty: QR Madeniet zhane sport ministrliqi, 2018. – 142 b. [in Kazakh]

- [6] **Nurqasymova, A.** Tarazdyn sakraldy geografijasy zhane tarihi-madeni landshafty // Arhitektura zhane qala qurylysy zhurnaly, 2022. – №3. – B. 55-63. [in Kazakh]
- [7] Qazaqstannyn kieli zherler geografijasy // Qazaqstan Respublikasynyn Madeniet zhane aqparat ministrliginiń resmi sajty. – URL: heritage.gov.kz [in Kazakh]
- [8] Taraz qalasynyn resmi turistik portaly // Qala tarihy men madeni nysandar zhoninde aqparat. – URL: taraztour.kz [in Kazakh]
- [9] Taraz qalasy: kone dauirden buginge dejin // E-history.kz – Qazaqstan tarihy portaly. – URL: <https://e-history.kz> [in Kazakh]
- [10] Ajsha bibi, Qarahan zhane Tekturmas keseneleri turaly tarihi malimetter // Kazakhstan.travel. – URL: <https://kazakhstan.travel> [in Kazakh]
- [11] UNESCO World Heritage Centre. Silk Roads: the Routes Network of Chang'an–Tianshan Corridor (Central Asian Section). – 2014. – URL: <https://whc.unesco.org>
- [12] Zhambyl oblysynyn tarihi-madeni eskertkishter zhinagy. – Taraz: «Ruhanijat» ortalgy, 2020. – 276 b. [in Kazakh]
- [13] **Qalmenova, L.** Taraz qalasynyn urbanistikalyq damuy zhane saulettik kelbeti. – Taraz: TarMU baspasy, 2022. [in Kazakh]
- [14] **Asanova, B.** Qazaqstan qalalarynyn tarihi-madeni landshafty. – Almaty: Qazaq saulet-qurylys akademijasy baspasy, 2021. [in Kazakh]
- [15] **Zholdasova, G.** Qarahan, Ajsha bibi zhane Tekturmas keseneleriniń arhitekturalyq-qurylymdyq erekshelikteri // Arhitektura zhane dizajn zhurnaly, 2023. – №3(45). – B.45-56. [in Kazakh]

ФОРМИРОВАНИЕ АРХИТЕКТУРЫ ГОРОДА ТАРАЗ И ЕЁ СВЯЗЬ С ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫМ ЛАНДШАФТОМ

Сайлауова Ж., магистрант 2 курса ОП 7М07301 «Архитектура и современная городская инфраструктура»

Исаков О.А., доктор технических наук, профессор строительства и архитектуры

Казахский национальный университет водного хозяйства и ирригации, г. Тараз, Казахстан

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются исторические этапы формирования архитектуры города Тараз и её связь с природно-культурным ландшафтом. В ходе исследования проанализированы основные направления и закономерности архитектурного развития Тараза от древности и средневековья до современности.

Архитектурный облик Тараза тесно связан с его исторической функцией как торгового и культурного центра на Великом шелковом пути. Построенные в древние времена мавзолеи Айша Биби и Бабаджа Хатун, мечети и бани ярко отражают синтез тюркских и исламских архитектурных традиций.

В исследовании применялись методы историко-архитектурного анализа, картографического сравнения и культурно-ландшафтного подхода. В результате архитектурная система Тараза была оценена как региональный феномен, сохранивший гармоничное единство природной среды и культурного наследия. В статье подчеркивается, что историко-культурный ландшафт Тараза служит важной основой для обеспечения культурной преемственности и устойчивости в будущем архитектурном развитии и градостроительном планировании.

Ключевые слова: город Тараз, архитектура, историко-культурный ландшафт, Великий шелковый путь, культурное наследие, урбанизация, экологическая гармония, национальный стиль.

FORMATION OF THE ARCHITECTURE OF TARAZ CITY AND ITS CONNECTION WITH THE HISTORICAL AND CULTURAL LANDSCAPE

Sailauova Zh., Second-year Master's student of EP 7M07301 “Architecture and Modern Urban Infrastructure”

Isakov O.A., Doctor of Technical Sciences, Professor of Construction and Architecture

Kazakh National University of Water and Irrigation, Taraz city, Kazakhstan

Annotation. This article comprehensively examines the historical stages of the formation of Taraz city's architecture and its relationship with the natural and cultural landscape. The study analyzes the main directions and patterns of architectural development of Taraz from ancient and medieval periods to the present day.

The architectural appearance of Taraz is closely related to its historical role as a trade and cultural center on the Great Silk Road. The Aisha Bibi and Babaja Khatun mausoleums, mosques, and baths built in ancient times clearly demonstrate the synthesis of Turkic and Islamic architectural traditions.

During the research, methods of historical-architectural analysis, cartographic comparison, and cultural-landscape study were applied. As a result, the architectural system of Taraz was evaluated as a regional phenomenon that has preserved the harmonious relationship between the natural environment and cultural heritage. The article concludes that the historical and cultural landscape of Taraz serves as an important foundation for ensuring cultural continuity and sustainability in future architectural development and urban planning.

Keywords: Taraz city, architecture, historical and cultural landscape, Great Silk Road, cultural heritage, urbanization, ecological harmony, national style.